



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

---

Желтоқсан **2022**


---

Тұтыну бағаларының индексі 2022 жылғы желтоқсанда 1,2%-ға өсіп, жылдық баға өсімі 20,3%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік тауарлары жылдық бағаның өсуіне едәуір үлес қосуын жалғастырып келеді, олардың арасында нан-тоқаш өнімдері мен жарма, сондай-ақ жаңа піскен көкөністер айтарлықтай қымбаттады. Сонымен қатар, ішкі өндірістің өсу жағдайында төртінші ай қатарынан қант бағасының төмендеуі байқалады. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында киім-кешек пен аяқ киімнің, жеке тауарлардың, құрылыс материалдары мен тұрмыстық заттардың бағасы өсті. Ақылы қызметтерде амбулатория мен шаштараз қызметтерінің, сондай-ақ мәдени іс-шаралар мен қоғамдық тамақтану қызметтерінің қымбаттағаны байқалады. Сонымен қатар, сұраныстың төмендеуі аясында абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу құны төмендеді.

2022 жылы желтоқсанда инфляция 1,2%-ды құрады, жылдық мәнде бағаның өсуі 20,3%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қарашада - 19,6%).

Қыркүйек айында жеделдетілгеннен кейін, ай сайынғы маусымдық тазартылған инфляция 2022 жылдың қазанынан желтоқсанға дейін баяулайды. Желтоқсан айында айлық маусымдық тазартылған инфляция 1%-ды құрады, көкөніс пен жеміс-жидектің, қатты отын мен жұмыртқаның бағасы маусымдық түрде өсті.

График 1. Айлық маусымдық тазартылған инфляция




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Әр түрлі әдістермен есептелген базалық маусымдық тазартылған инфляция<sup>1</sup>, маусымдық тазартылған тұтыну бағаларының индексі секілді баяулады, бұл проинфляциялық қысымның біршама әлсірегенін көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер әлі де мақсатты диапазоннан асып түседі.

<sup>1</sup> Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық-тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компонентсіз базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.


График 2. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

2022 жылғы желтоқсанда **азық-түлік тауарлары** бағасының жылдық өсімі ж/ж 25,3%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қарашада - 24,1%). 2022 жылы нан-тоқаш өнімдері мен жарма жылдық бағаның өсуіне айтарлықтай үлес қосты. Жаңа піскен көкөністер едәуір қымбаттады. Ішкі өндірістің айтарлықтай өсуі аясында қант бағасының төмендеуі төртінші айға ұласып келеді. Сонымен қатар, ет, сүт өнімдері мен жұмыртқа бағасының өсуі жеделдеді.

График 3. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына қосқан үлесі




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

2022 жылғы желтоқсанда АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамының біршама әлсірегенін ескере отырып, жекелеген тауарлар бойынша ішкі бағалардың серпіні 2019 жылға есептелген әлемдік бағалардың серпінінен асып түсті. Қанттың ішкі бағасы әлемдік бағадан едәуір жоғары қалыптаса береді, ал ішкі және әлемдік бағалар арасындағы алшақтық 56%-дан 46%-ға дейін төмендеді. Өсімдік майының ішкі бағасы салыстырмалы түрде тұрақталғанына қарамастан, желтоқсан айында әлемдік және ішкі бағалар арасындағы дифференциалдың өсуі сезілді. Бұл, өз кезегінде, импорттық сұраныстың төмендігіне және өндірістің өсуіне байланысты пальма мен соя майының әлемдік бағасының төмендеуіне байланысты болды.

2022 жылғы шілдеден қарашаға дейін ірі өндіруші елдерде сиыр етіне ұсыныс артқан тұста еттің әлемдік баға индексі төмендеді. Бұл ретте желтоқсан айында етке ішкі

бағаның өсуі жалғасты. 2022 жылғы желтоқсанда дәнді дақылдардың әлемдік бағасының серпіні ұнның ішкі бағасымен қиылысу нүктесіне жетті.

График 4. Жекелеген азық-түлік тауарларына әлемдік және ішкі бағалардың серпіні<sup>2</sup>




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептері

**Азық-түлік емес** инфляция 2022 жылғы желтоқсанда 19,4%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қарашада – 18,6%). Киім мен аяқ киімнің қымбаттағаны байқалады. Импорттың жоғары үлесі бар тауарларға, оның ішінде жеке пайдаланылатын тауарлар мен құрылыс материалдарына баға өсіп келеді. Тұрмыстық заттар тобында жиһаздың, үйдегі тоқыма бұйымдарының, жуғыш заттар мен тазартқыштардың инфляциясы айтарлықтай ерекшеленеді.

<sup>2</sup> Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескере отырып, 2019 жылғы желтоқсаннан (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

График 5. Тауарлардың жылдық азық-түлік емес инфляцияға қосқан үлесі




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

2022 жылғы желтоқсанда **халық үшін ақылы қызметтер** бағасының өсуі қараша (2022 жылғы қарашада – 14,1%) деңгейінде сақталып, 2021 жылғы желтоқсанда басталған ұзақ жеделдету кезеңін тоқтатты. Екінші ай қатарынан сұраныс азайғандықтан абаттандырылған тұрғын үй үшін жалдау ақысы арзандап келеді. Коммуналдық реттелетін қызметтердің құрылымында газбен жабдықтау бағасының жылдық мәнде төмендегенін атап өткен жөн.

Амбулаториялық қызметтердің құны өсті. Шаштараз қызметінің бағасы, сондай-ақ тамақтану және мәдени іс-шаралар қызметі қымбаттады. 2021 жылғы жоғары база есебінің шығу нәтижесінде әуе жолаушылар көлігі және кешенді демалыс (шетелге турлар) қызметтері бағасының өсуі айтарлықтай баяулады.

График 6. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қызметтердің салымы




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Өндіріс құралдары мен аралық тауарлар бағасының өсім тұрғысынан жалғасып жатқан баяулауы аясында тұтыну тауарларына өндірушілер бағасының баяу өсуі. Қорлардың ұлғаюы жағдайында ауыл шаруашылығында өндірушілер инфляциясының баяулауы.

Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіруші кәсіпорындар бағасының өсуі 2022 жылғы желтоқсанда ж/ж 10,5%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы қарашада – 9,9%). Азық-түлікте өндірушілер бағасының өсу тұрғысынан баяулауы соңғы үш айда аралық тұтыну өнімдері мен өндіріс құралдары бағасының өсім тұрғысынан төмендеуіне байланысты орын алып отыр. Тауарлар бөлінісінде қант, ет және ұн-жарма өнімдерін, нан-тоқаш пен макарон өнімдерін өндірушілер бағасы баяу өсті. Бұл ретте май, тоң май мен сүт өнімдерінің бағасы тез өсті. Азық-түлік емес тауарларда автомобильдер мен жиһаз өндірушілерінің бағасы жәй қарқында өсті.

Ауыл шаруашылығында өндірушілердің инфляциясы 2022 жылғы желтоқсанда 9%-ға дейін баяулады (2022 жылғы қарашада – 11,1%). Өсімдік шаруашылығында қорлар едәуір өскендіктен бидай мен майлы дақылдардың бағасы баяу қалыпта өсті. Есесіне, қызанақ пен қияр бағасы тез өсті. Мал шаруашылығында 2021 жылғы жоғары база есебінен шығу аясында тірілей құстың бағасы баяу өскені байқалады.

График 7. Өнеркәсіптегі бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 8. Ауыл шаруашылығындағы бағалар

